

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын - "Южнефтепровод" және "Қазақстан және Орта Азия арналы мұнай құбыры" өндірістік бірлестіктерін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 461

Мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдау, экспорттау мен импорттау мәселелерінде Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғауды арттыру, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың басқару құрылымдарын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік мен активтерді басқару департаментімен бірлесіп заңда белгіленген тәртіппен:

"Южнефтепровод" өндірістік бірлестігі (Ақтау қаласы) және "Қазақстан және Орта Азия арналы мұнай құбыры" өндірістік бірлестігі (Павлодар қаласы) - республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын - біріктіру жолымен қайта ұйымдастырсын және қайта ұйымдастырылған кәсіпорын базасында жабық акционерлік қоғам нысанында "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясын құрсын;

құрылатын "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы активтерінің тізбесін, құрылымын және жарғылық капиталының көлемін айқындасын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1357 қаулысымен. Р 9 7 1 3 5 7 _

2. Бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының жарғысы бекітілсін және тіркеуден өткізілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.09.21. N 1357 қаулысымен. Р 9 7 1 3 5 7 _

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі